



БҮЙРЫҚ

23.05.2025

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 03 - 04 - 347

город Алматы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобын құру туралы

«Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы Занына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19-қазандығы №12 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты директордың орынбасары А. К. Оралбаева болып белгіленсін.

2. Мынадай құрамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы:

М. С. Қазыханов - директордың орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

Оралбаева А.К. - директордың орынбасары;

Тагибекова М. Б. - бас есепші;

Джалалова Р.Ж. - дәрігер терапевт;

Кудекова С.Е. - әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

Рыскұлов Қ.О. - зангер;

Абдрашова А.С. - шаруашылық менгерушісі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (№1 қосымша)

4. Жұмыс тобы «Шаңырак» әлеуметтік қызмет орталығы» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды 2025 жылдың 09 маусымы мен 09 шілдесі дейінгі аралығында мынадай бағыттар бойынша жүргізсін:

1) персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған белгілі бір лауазымдарды анықтау;

2) мұдделер қактығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

000664

5) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) үйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген ақпарат жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2025 жылғы 09 шілдеге дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Қ.Ақылбеков